

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САЛЫҚ МЕХАНИЗМІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ШЕШУ БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Мақалада қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы салық механизмінің жұмыс істеуінің өзекті мәселесіне арналған. Автор салық механизмінің тән белгілерін зерттеді. Салық саясаты экономикалық процестерге ықпал етудің мемлекеттік әдістері саласында жетекші орын алады. Кез келген мемлекеттің экономикасын дамытудың басымдықтары елеулі дәрежеде салықтық ауыртпалықтың салдары болып табылатын салық төлемдерінің қол жеткізілген деңгейімен, дәлірек айтқанда оның қазіргі экономикалық саясат пен салық заңнамасы жағдайында мүмкін болатын шекті деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманғы қазақстандық салық жүйесі ынталандырушы бастамадан айырылған, ол қазіргі даму жағдайында салық салудың барлық функциялары – фискалдық, бөлу және реттеу іске асырылған кезде жүзеге асырылуы тиіс. Статистикалық деректерді зерттеу негізінде салық механизмінің, салық жүйесінің тиімділігі анықталды, салық жүйесі автордың ойынша, қоғамның барлық әлеуметтік топтарының – кәсіпкерлер, жұмысшылар, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер, зейнеткерлер және т.б. мүдделерін оңтайлы үйлестіруге негізделуі керек. Автордың пікірінше, Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайында жүзеге асырылып жатқан салық жүйесін дәйекті реформалау бойынша ұсыныстар ұсынды. Тұтастай алғанда мемлекеттің салық жүктемесінің оңтайлы шекарасын анықтауға ұмтылысын білдіреді, бұл өндірістің дамуына себепші болады және ұлттық экономиканың өсуіне жағдай жасайды.

Тірек сөздер: салық, салық механизмі, салық ауырпалығы, салықтық реттеу, мемлекеттік бюджет, трансферттер, экономикалық өсім, тұрақты даму, салық салу функциялары.

Қазіргі уақытта салықтар мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің негізгі көзі болып табылады. Осы жеке қаржылық функциядан басқа, салық механизмі әлеуметтік өндірісті, оның динамикасы мен құрылымын, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейін реттеу үшін қолданылады.

Бәрімізге әйгілі, түрлі салықтар арқылы кәсіпорындардан табыстың бір бөлігі алынады. Салық жүйесі – әлеуметтік-экономикалық дамуды, инвестициялық стратегияны, сыртқы экономикалық қызметті, өндірістегі құрылымдық өзгерістерді, басым салаларды жедел дамытуды мемлекеттік реттеудің неғұрлым белсенді тетігі болғанымен, ҚР салық жүйесін құруда басынан бастап фискалдық бағдар алынды.

Отандық ғалымдар, эксперттер қазіргі заманғы қазақстандық салық жүйесі ынталандырушы бастамадан айырылған, ол қазіргі даму жағдайында салық салудың барлық функциялары – фискалдық, бөлу және реттеу іске асырылған кезде жүзеге асырылуы тиіс деген ойда.

ҚР Салық жүйесінің негізгі кемшілігі – ол кәсіпорындардың кірістерін алу арқылы бюджет тапшылығын жоюға бағытталған. Біздің ойымызша, салық жүйесі тәркілеу сипатына ие бола бастады. Салық жүйесінің экономиканың дамуымен және оның тікелей субъектілері – кәсіпорындарының қызметімен жеткілікті байланысы жоқ. Мұндай қарым-қатынастың жоғалуы салық жүйесінің өздігінен дамып келе жатқандығына, ал оның шамадан тыс қысымын бастан кешіретін кәсіпорындардың өздеріне әкелді. Көбісі шығындылық пен банкроттық шегіне жетті. Сонымен қатар, кәсіпорындар жоғары салық салуды болдырмау үшін минималды пайда алуға мүдделі. Экономика бұрын-соңды болмаған шығынға ұшырауға айналады. Бұған еркін баға белгілеу кезінде бәсекелестіктің толық болмауы ықпал етеді. Салық жүйесі өндіріске бет бұруы керек, оның өсуін ынталандыру арқылы салық салу базасын арттырады деген ойдамыз.

ҚР Салық саясаты әзірше «мөлшерлеме неғұрлым көп болса, мемлекет пен нарықтық экономика құру үшін соғұрлым жақсы» қағидаты негізінде құрылуда. Нәтижесінде – салықтардың жетіспеушілігі, тауарлар өндірісінің қысқаруы, инвестициялық белсенділіктің төмендеуі және кәсіпорынның өндірісті дамытуға қандай да бір қызығушылығының болмауына әкеп соғады.

ҚР қолданыстағы салық жүйесі жұмыс істеген сәттен бастап саясатта, экономикада, әлеуметтік салада үлкен сапалы өзгерістер болды.

Төменде ҚР мемлекеттік бюджеттің атқарылуындағы салықтық түсімдерге талдау келтірілген (кесте 1).

Кесте 1 – Мемлекеттік бюджеттің атқарылуындағы салықтық түсімдер (қантар–шілде 2019–2020 жж.)

Атауы	2019 ж. қантар–шілде	2020 ж. қантар–шілде	Абсолюттік ауытқу (2020–2019 жж.), млн тг	Салыстырмалы ауытқу, %
Салықтық түсімдер, оның ішінде:				
- корпоративтік табыс салығы	1 022 388	988 718	-33 670	-3,3
- жеке табыс салығы	499 399	548 305	+48 906	+1,1
- әлеуметтік салық	381 560	418 189	+36629	+1,1
- қосылған құн салығы	1 331 284	1 177 893	-153 391	-11,5
- акциздер	188 148	240 001	+51 853	+1,3
- басқа да салықтар мен міндетті төлемдер	1 372 924	908 873	-464 051	-33,8
Барлығы	4 795 703	4 281 979	-513 724	-10,7
Ескертпе – Дереккөздер негізінде автор құрастырған [1].				

Кесте мәліметтеріне сүйенсек, 2020 ж. жартыжылдығында 2019 ж. салыстырғанда салықтық түсімдердің 11%-ға азайғанын, атап айтқанда елеулі ауытқуды ҚҚС мен басқа да міндетті төлемдер бойынша екені байқалуда.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2020 ж. бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қазақстанның шоғырландырылған бюджетінің кірістері 7 538 млрд теңгені құрады, яғни 2019 ж. мәліметтерге қарағанда 19,3%-ға жоғары. Шоғырландырылған бюджеттің шығыстары 23,7%-ға 7 399 млрд теңгеге дейін өсті. Мұнда мынаны атап өту қажет: шоғырландырылған бюджет 2020 ж. жылдың 6 айында бюджет тарапынан кредиттеу (-214,5 млрд теңге) мен қаржылық активтермен байланысты операцияларды (-264,9 млрд теңге) ескергенде, 343,3 млрд теңге тапшылығын байқауға болады [2].


Сондай-ақ, 2020 ж. шоғырландырылған бюджет кірістерінің артуы негізінен Ұлттық Қорды басқарумен байланысты табыстардың өсуінде, ол 2020 ж. алғашқы үш айында 2 559 млрд теңге болса, 2019 ж. сәйкесінше кезеңінде 405,6 млрд теңге кірісті құраған (1-сурет, б. 143). Бұл мәліметтер тіркелген кірістер емес екендігін айта кеткен жөн, бұл сандар тек бір сәттегі ұлттық валютадағы инвестициялар құнының өзгергенін көрсетеді. Сонымен бірге, ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанында мұндай инвестициялық табыстың ұлттық валюта құнының күрт әлсіреуімен байланысты екені бәрімізге мәлім.

Doing Business («Бизнесті жүргізу») рейтингінің 2019 жылғы есебіндегі «Салық салу» индикаторы бойынша Қазақстан 64 орынды иеленді. Бұл индикатор орташа мөлшердегі компанияның тиісті жылы төлеуге немесе ұстап қалуға тиіс салықтар мен міндетті аударымдарды қамтиды, сондай-ақ салықтарды төлеуге байланысты әкімшілік ауыртпалықты өлшейді. ҚР Үкіметі үшін бұл салық жүйесін реттейтін нормативтік актілерді қайта қарау қажеттігін білдіреді.

Сондықтан 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында «...Ұлттық табыстың әділ бөлінуіне баса мән бере отырып, салық жүйесін жаңғырту қажет..., қазіргі салық жүйесінің сапасын арттыру – өз алдына бөлек мәселе...», – деп, Үкіметке «әділетті салық салу жүйесін» құруды тапсырды [3].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, қазіргі таңда мемлекеттік органдар салық заңнамасын жеңілдету мақсатында өзгерістер енгізу үшін іс-шаралар атқаруда.

Салық түсімдері, млрд теңге



Сурет 1 – Салықтық түсімдердің динамикасы (6 ай 2019–2020 жж.)

Ескертпе – [2] дереккөзден алынған.

Біздің ойымызша, салық жүйесі қоғамның барлық әлеуметтік топтарының – кәсіпкерлер, жұмысшылар, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер, зейнеткерлер және алынған кірістерде үлкен айырмашылықтары бар т.б. мүдделерін оңтайлы үйлестіруге негізделуі керек. Салықтардың мұндай әлеуметтік функциясы қоғамдағы әлеуметтік тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Әлемнің жетекші өнеркәсіптік дамыған елдерінде ең көп кірісі бар халықтың 10%-ы мен ең аз кірісі бар сол санның қатынасы 1:5–10 есе аралығында болады. Қазіргі уақытта ҚР-да мұндай арақатынас кемінде 1:2–25 құрайды [4, 5]. Бұл қоғамның кірістер бойынша әлеуметтік стратификацияны едәуір күшейтеді. Салық жүйесі мұндай айырмашылықтарды батыстың салық жүйелерінде айқын байқалатын жеке тұлғалардың кірістеріне прогрессивті салық салу арқылы жеңілдетуге арналған. Қазақстандық салық жүйесі бұл функцияны жеткілікті дәрежеде орындамайды, бұл оның елеулі кемшілігі болып табылады.

ҚР салық жүйесі оның негізінен монополиялық баға белгілеу жағдайларында жұмыс істейтінін де ескермейді. Бұл оның инфляциялық сипатын анықтайды, өйткені ол бағаның «көтерілуін» ынталандырады. Бұл құбылыс өте табиғи, өйткені тауар өндірушілер салықтық қысымның барлық ауыртпалығын тауарларды тікелей және түпкілікті тұтынушыларға – халыққа аударуға тырысады. Сондықтан салықтың басым бөлігі жанама сипатқа ие болады, егер салық төлеуші оны тұтынушыға, оның ішінде бағаға өткізсе, бұл өнім өндірушісінің тұтынушыға бағаны белгілеуге және оны көбейтуге, өз пайдасы үшін үлкен пайда алуға тырысатындығына байланысты мүмкіндік береді. ҚР-да салық салудағы жанама салықтардың үлесі артып келеді. Бұл салық салудағы қолайсыздықты, салық түсімдерін «кез келген жағдайда» арттыруға деген ұмтылысты көрсетеді.

Қазақстандық салық тетігі бағаның өсуіне қарай салық төлемдері арта түсетіндей етіп құрылған. Бұл жүйенің фискалдық мазмұны тұрғысынан өте ыңғайлы, бірақ салық салудың негізділігі тұрғысынан мүлдем қолайсыз. Бюджет кірістілігінің өсуінің елесі жасалады, ал іс жүзінде мұның бәрі инфляциялық факторға байланысты – «салық массасын» толтыру процесі жүріп жатқанымен, сонымен бірге бюджет тапшылығы да артып келеді, өйткені инфляциялық фактор оның шығындарына одан да көп әсер етеді.

Қолданыстағы салық жүйесінің маңызды келесі кемшіліктерінің бірі – бұл экономикада дамудың маңызды пропорцияларының қалыптасуын ынталандырмайды. Мұндай пропорционалдылықтың өзегі макро және микро деңгейлерде еңбек өнімділігі мен тұтыну қорының өсу қарқынының ара-қатынасы болып табылады.

Әзірге ҚР салық тетігі көрсетілген ара-қатынасты салықтық әдістермен жанама қолдауға жеткілікті дәрежеде бағдарланбаған, дегенмен кәсіпорындардың пайдасына салық салу арқылы кәсіпорындарда тұтыну қорының ең аз салық салынбайтын мөлшері арқылы өсу қарқынын төмендетуге ықпал етуге әрекет жасалды. Бірақ салық салудың бұл тәртібі ең маңызды мәселені шешпейді, яғни еңбек өнімділігінің өсуін ынталандыру, бұл кәсіпорындардың жалақы қорын жасырудың барлық тәсілдерін табуға деген ұмтылысын тудырады, және, ең алдымен, оны жұмысшылардың көп санына бөледі, яғни іс жүзінде минималды төлеммен өнімді емес жұмысты ынталандырады, нәтижесінде оның өнімділігі төмендейді.

Осыған байланысты экономиканың дамуына, бюджет тапшылығын азайту және кейіннен экономикалық өсуге көшу арқылы қаржылық тұрақтандыруға қол жеткізу проблемасын біртіндеп шеше отырып, толыққанды нарық субъектілерін қалыптастыруға ықпал ететін салық салу жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ету өзекті міндет болып қала береді. Ойластырылған (салмақты) салық саясаты ерекше рөл атқаратыны түсінікті. Фискалдық рөлмен қатар, нарықтың қалыптасуындағы салық жүйесі белсенді ынталандырушы функцияны орындауы керек. Осы талаптарға сәйкес болу үшін ҚР салық жүйесі елеулі түрде реформалануы тиіс.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінде, ҚР-дағы салық реформасының негізгі бағыттары осы жалпы мәнмәтінде келесідей атап айтқан жөн деп санаймыз:

1) тиімділігі төмен салықтарды алып тастау арқылы салық ауыртпалығын жеңілдету және салық жүйесін оңайлату;

2) бірқатар салықтық жеңілдіктердің күшін жоюдың, «салықтық әділеттілік» қағидатына сәйкес салық төлеушілер мен салық салынатын кірістер шеңберін кеңейтудің арқасында салықтық базаны кеңейту;

Қазіргі уақытта мына іс-шараларды жүзеге асыру орынды:

- ♦ мемлекет кірісіне түсуі тиіс сараланған рентаның негізгі құраушысы ретінде салық салынатын базаны және ресурстық төлемдер мөлшерлемесін күрт арттыру;

- ♦ салықтардың әлеуметтік бағыттылығын күшейту. Ол үшін, бір жағынан, азаматтардың салық салынбайтын ең төменгі кірістерін, екінші жағынан, табысы өте жоғары адамдар үшін табыс салығының мөлшерлемесін үнемі арттырып отыру, сондай-ақ акцизделетін сәнді тауарлар шеңберін кеңейту және оларға акциздердің ставкаларын арттыру қажет.

Болашақта, қаржылық тұрақтандыру қамтамасыз етіліп, экономиканың нарықтық өзін-өзі реттеу тетіктері толық күшіне енген кезде, фискалды ғана емес (мемлекеттің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін), сонымен қатар тиісті дәрежеде ынталандырушы және реттеуші функцияларды орындайтын салықтарды өндіріп алудың теңгерімді жүйесін қалыптастыру туралы мәселе қоюға болады.

Жоғарыда келтірілген салық саласындағы реформалық идеяларды талдау, негізінен, ұсынылған ұсыныстар ең жақсы жағдайда салық салудың жекелеген элементтеріне (ең алдымен ставкалардың мөлшері, берілетін жеңілдіктер мен артықшылықтар; салық салу объектілері; кейбір салықтарды басқаларына күшейту немесе ауыстыру) қатысты екені айқын.

Кез келген мемлекеттің салық саясатында салық жүйесін дамыту ең күрделі бағыттарының бірі болып табылады. Өзінің мазмұнында салық заңдары ҚР Салық кодексінің жалпы бөлігінде қамтылған салық салудың негізгі қағидаттарына – міндеттілікке, айқындылыққа, әділдікке, жариялылыққа сәйкес келуі тиіс. Нәтижесінде салық заңы әрқашан нақты, түсінікті және әділ болуы керек.

Қорытындылай келе, ҚР-дағы салық тетігінің негізгі мақсаттары нарықтық қатынастарды дамытудың қалыптасқан жағдайларына барабар болуы тиіс екенін атап өтеміз.

Біздің ойымызша, салық механизмінің тиімділігін бағалаудың негізгі өлшемі жеке төлеушілердің шектеулі нақты кіріс көздерін ескере отырып, салық ауыртпалығын көтеруінің объективті қабілеті болып табылады.

Салық ауыртпалығының шегін қосылған құндағы салық жүктемесінің шамасы бойынша ғана емес, салық төлеушінің төлем қабілеттілігіне қарай да айқындау қажет. Қосылған құн құрылымын салалық реттеу негізгі салықтардың сараланған мөлшерлемелерін белгілеу кезінде мүмкін болады: ҚҚС, КТС, жеңілдетілген салық салу режимдері шеңберінде шағын бизнесті қоса алғанда және шектеулі кезеңге нысаналы сипаттағы инвестициялық жеңілдіктерді енгізу қажет.

Қазіргі Қазақстан экономикасы жағдайында жүзеге асырылып жатқан салық жүйесін дәйекті реформалау тұтастай алғанда мемлекет салық жүктемесінің оңтайлы шекарасын анықтауға бет бұрған, бұл өндірістің дамуына себепші болады және ұлттық экономиканың өсуіне жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 2020 жылғы 1 қыркүйекке шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есеп: Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/about?lang=ru>.

2 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында салық түсімдері 930 млрд теңгеге төмендеді: Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының ресми сайты: <http://www.afk.kz/kz/analytics/monitor-mfrk/v-pervom-polugodii-2020-goda-nalogovye-postupleniya-snizilis-na-930-mlrd-tenge.html>.

3 Тоқаев Қ.К. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek.

4 Финансовая система Республики Казахстан: опыт и перспективы развития: <https://cyberleninka.ru>.

5 Порохов Е. Проблемы применения некоторых норм налогового законодательства Республики Казахстан и перспективы его развития: <http://meridian-journal.ru>.

Л.А. ОМАРБАКИЕВ,¹
д.э.н., профессор.
Университет «Туран»¹

ПРОБЛЕМЫ НАЛОГОВОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И НАПРАВЛЕНИЯ ИХ РЕШЕНИЯ В РАМКАХ ОПТИМИЗАЦИИ НАЛОГОВОГО МЕХАНИЗМА

Аннотация

Статья посвящена актуальным проблемам функционирования налогового механизма в Республике Казахстан. Автором исследованы характерные признаки налогового механизма. Налоговая политика занимает ведущее место в области государственных методов воздействия на экономические процессы. Приоритеты развития экономики любого государства в значительной степени определяются достигнутым уровнем налоговых платежей, которые являются следствием налогового бремени, в частности, его предельно допустимым уровнем в условиях современной экономической политики и налогового законодательства. Современная казахстанская налоговая система лишена стимулирующей инициативы, которая в современных условиях развития должна осуществляться при реализации всех функций налогообложения – фискальной, распределительной и регулирующей. На основе изучения статистических данных в статье определена эффективность налогового механизма, налоговая система. По мнению автора, налоговая система должна основываться на оптимальной координации интересов всех социальных групп общества – предпринимателей, рабочих, государственных служащих, студентов, пенсионеров и др. Автором предложены рекомендации последовательного реформирования налоговой системы, осуществляемого в современных условиях экономики Казахстана. Стремление государства в целом определить оптимальные границы налогового бремени способствует росту производства и создает условия для устойчивого развития национальной экономики.

Ключевые слова: налоговый механизм, налоговая нагрузка, налоговое регулирование, государственный бюджет, трансферты, экономический рост, устойчивое развитие, функции налогообложения.

L.A. OMARBAKIYEV,¹
d.e.s., professor.
Turan University¹

**PROBLEMS OF THE TAX SYSTEM OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN AND WAYS TO SOLVE THEM IN THE FRAMEWORK
OF OPTIMIZING THE TAX MECHANISM**

Abstract

The article is devoted to actual problems of functioning of the tax mechanism in the Republic of Kazakhstan. The author studies the characteristic features of the tax mechanism. Tax policy occupies a leading position in the field of state methods of influencing economic processes. Priorities for the development of the economy of any state are largely determined by the level of tax payments achieved, which are a consequence of the tax burden, in particular, its maximum permissible level in the conditions of modern economic policy and tax legislation. The modern tax system of Kazakhstan lacks a stimulating initiative, which in modern conditions of development should be implemented in the implementation of all tax functions – fiscal, distributive and regulatory. Based on the study of statistical data, the effectiveness of the tax mechanism and the tax system was determined. According to the author, the tax system should be based on optimal coordination of interests of all social groups of society – entrepreneurs, workers, civil servants, students, pensioners, etc. The author offers recommendations for a consistent reform of the tax system, implemented in the modern conditions of the economy of Kazakhstan. The aims of the state to determine the optimal limits of the tax burden will contribute to the development of production and create conditions for the growth of the national economy.

Key words: tax mechanism, tax burden, tax regulation, state budget, transfers, economic growth, sustainable development, tax functions.